

конкурс

«Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу жөнінде қайта конкурс өтетіні туралы хабарлайды:

Конкурс өткізу күні мен орны: Ақтау қаласы, 3-шағын аудан, 100-ғимарат.

Кәсіпорынның орналасқан орны: Маңғыстау облысы, Шетпе ауылы, Жаңа орпа көшесі, 10/2, Маңғыстау орталық аудандық ауруханасы.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы бөксә да заңнама әктілерімен кепілдендірілген шекте медициналық қызметтің барлық түрлерінің тізбесі, медициналық стандарттар түрінде оларды орындау технологиясы, оларды іске асырудың талаптары қамтылған қолжетімді және қазіргі заманға сай білікті медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарды: жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінін:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және

(немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға келесі құжаттар тапсыру қажет:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық

консультативтік пункт – ата-аналарды қолдау орталығы

Бөбекжай жанындағы консультативтік пункт – мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына психологиялық, педагогикалық, медициналық және әлеуметтік бағытта көмек көрсететін маңызды құрылым. Оның негізгі мақсаты – отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың дамуын қолдау, ата-аналардың сауаттылығын арттыру және бөбекжай мен отбасы арасындағы байланысты нығайту.

Консультативтік пункт қызметінің ақпараттық-танымдық мәні ең алдымен ата-аналарға баланың жас ерекшеліктеріне қарай тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіру туралы нақты мәліметтер берумен айқындалады. Мамандар ата-аналарға жеке және топтық кеңестер өткізіп, практикалық ұсыныстар береді. Сонымен қатар балалардың даму деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізіледі.

№60 «Ертістік» бөбекжайындағы консультативтік пунктте психолог маманы А.Мұқанова, әдіскер Н.Қажапиева және қазақ тілі маманы С.Демесбаева әдістемелік бағыт-бағдар беру жұмыстарын жүргізеді.

Жұмыс барысында педагогтер, психологтер, логопедтер, әлеуметтік педагогтер және медицина қызметкерлері бірлесіп әрекет етеді. Олар ата-аналармен тығыз

байланыс орнатып, баланың сөйлеу, ойлау, эмоциялық дамуы, мінез-құлқы және денсаулығына қатысты мәселелерді кешенді түрде қарастырады. Қажет болған жағдайда мамандар ата-аналарға жеке даму бағдарламаларын ұсынады.

Есептік тұрғыдан алғанда, консультативтік пункттің жұмысы жоспарлы түрде ұйымдастырылады. Ай сайын өткізілген кездесулер саны, қамтылған ата-аналар мен балалар көрсеткіші, өткізілген тренингтер, семинарлар мен кеңестер талданып отырады. Жылдық есепке ақпараттық материалдар, фотоесептер, қатысушылар пікірлері және ұсыныстар енгізіледі.

Пункт жұмысының тиімділігін арттыру үшін түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылады: дөңгелек үстелдер, ашық есік күндері, шеберлік сабақтары, тренинг-

тер және пікірталастар. Сондай-ақ онлайн кеңес беру мүмкіндігі де қарастырылуда. Бұл ата-аналардың уақытын үнемдеуге және қолжетімділігін арттыруға көмектеседі.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бөбекжайдың әлеуметтік желілердегі парақшалары, ақпараттық бұрыштар және жиналыстар арқылы жүргізіледі. Ата-аналарға арналған жадынамалар, буклеттер, бейнематериалдар дайындалады. Баланы мектепке дайындау, сөйлеу тілін дамыту, эмоциялық тұрақтылық және әлеуметтендіру мәселелеріне басымдық беріледі.

Жалпы алғанда бөбекжайдағы консультативтік пункттің жұмысы отбасы тәрбиесіне қолдау көрсету, ата-ананың жауапкершілігін арттыру және баланың жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған. Бұл жүйе қоғамда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделін қалыптастыруға ықпал етеді. Алдағы уақытта қызмет аясын кеңейтіп, материалдық-техникалық базаны нығайту және ақпараттық технологияларды енгізу – маңызды міндет.

Назгүл КАЖАПИЕВА,
№60 «Ертістік» бөбекжайының әдіскері.
Тұрсынай АХНАЗАРОВА,
тәрбиеші.

2026 жылға «МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» БАСЫЛЫМДАРЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ!



«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

«МАҢҒЫСТАУ» газетіне жазылу

Заңды тұлғаларға 1 жылға
Редакция арқылы 16 370,00 теңге
Қазпошта арқылы 25 881,96 теңге
Индекс 15492

Жеке тұлғаларға 1 жылға
Редакция арқылы 8 185,00 теңге
Қазпошта арқылы 12 947,52 теңге
Индекс 65492

ӨЛКЕНДІ ТАНЫ, «МАҢҒЫСТАУДЫ» ОҚЫ!

Бұл бос орын сіздің

ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған

ТЕЛЕФОН:20-48-42

конкурс

«Ақтау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі конкурс жариялайды:

Ақтау қаласы әкімдігінің «Таза Ақтау» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 4-шағын аудан, 72-ғимарат.

ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ ЕҢБЕК ӨТІЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ: 800 000 ТЕҢГЕ.

Негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Қала тұрғындарына, оның ішінде қала аумағында орналасқан заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, ұйымдарға, кәсіпорындарға тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару, санитарлық тазалық, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары бойынша қызмет көрсету. МКК-ның қаржылық-шаруашылық және әкімшілік-шаруашылық қызметіне басшылық етіп, кәсіпорын қызметінің тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару, санитарлық тазалық, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын бақылауды жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғарғы білім, басшы лауазымында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикалық Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Электр энергетикасы туралы» заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде қолма-қол немесе электронды пошта арқылы мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) Білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби – консультациялық қорытынды)» №075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің білім, жұмыс тәжірибесі, кәсіптік даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілікті арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнынан басшылықтың ұсынымдарын және т.б.) ұсына алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар 4-шағын аудан, 72-ғимарат, «Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 4-қабат, 423-бөлмеде өтеді.

АНЫҚТАМА ҮШІН
ТЕЛЕФОНДАР: 8 775 735 1 104,
E-MAIL-NSALIMBAEVA2022@MAIL.RU.

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ	
Жобаның атауы	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, Қаламқас кен орнында ұңғымаларды салуға арналған техникалық жобалардың қоршаған ортаға әсер етуге, жеңілдетілген тәртіп бойынша экологиялық сараптамаға рұқсат алуға өтінім беру материалдары бойынша тыңдалым өтеді.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны	2025 жылғы 20 қарашада сағат 14.30-де Маңғыстау ауданы, Шебір ауылы әкімдігінің акт залында. Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы (Microsoft Teams онлайн платформасында) өтеді. Конференция идентификаторы: https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3ameeting_MTYyZjUxYzEtMDFFIOS00ZTk0LWE5YmMtMjUxYWZmNGY1MWJk%40thread.v2/0?context=%7b%22Tid%22%3a%22e4778351-b6a4-4b2f-96ed-267c152630db%22%2c%220id%22%3a%22abe7e132-ffe-4c05-ab57-f18fdbef859b%22%7d Жиналыс идентификаторы: 423 733 362 491 7 Күпия код: 3pn67ZB6
Тұтынушының және құжаттаманы әзірлеушінің аты мен байланыс нөмірі	Тұтынушы: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, БИН: 990140000483. «ММГ» АҚ бұрғылау және ұңғымаларды өңдеу бөлімінің жетекші инженері Қанат Түрікменбаев, тел. 8-7292-215 225, e-mail: k.turkmenbaev@mmg.kz Мердігер «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС. «ҚазҒЗЖИ мұнайгаз» филиалы, БСН: 180541009170. Экология басқармасының басшысы: Элеанора Хаманова, тел. 8-7292-470244, e-mail: E.Khamanova@kmg.kz
Жобалық құжаттама орналастырылған және ескертулер мен өтінімдер қабылданатын жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы	https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru
Тапсырыс берушінің электрондық поштасы	https://www.mmg.kz
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдықтың дауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдаландыру реттеу басқармасы, жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы: Сабина Базарбай, тел. 8/7292/ 46-21-31 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz
Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекен-жайы	mangystautabigat@gmail.com